

**PHILIPS**

Қыстырма  
құлаққап

4000 қатары

TAPN402



## Пайдалануышы нұсқаулығы

Мына мекенжайға өтіп, өнімді тіркеуге және қолдау алуға болады:  
[www.philips.com/support](http://www.philips.com/support)

# Мазмұны

1	Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары	2
	Есту қауіпсіздірі	2
	Жалпы ақпарат	2
2	Қыстырма Bluetooth құлақабы	3
	Қораптағы заттар	3
	Басқа құрылғылар	3
	Сымсыз Bluetooth құлақабын шолу	4
3	Іске кірісү	5
	Батареяны зарядтау	5
	Құлаққапты мобильді телефонмен жүптастыру	5
4	Құлаққапты қолдану	6
	Құлаққапты Bluetooth құрылғысына жалғау	6
	Қонырауларды және музыканы басқару	6
5	Техникалық деректер	8
6	Хабарландыру	9
	Сәйкестік мәлімдемесі	9
	Ескі өнімді және батареяны қоқысқа тастау	9
	Ішкі батареяны шешіп алу	9
	ЭМФ талаптарына сәйкестік	9
	Қоршаған ортаға қатысты ақпарат	10
	Сәйкестік туралы хабарландыру	10
7	Сауда белгілері	11
8	Жиі қойылатын сұрақтар	12

# 1 Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

## Есту қауіпсіздігі



### ⚡ Қауіп

- Есту мүшесіне зақым келмеуі үшін құлаққапты жогары дыбыс деңгейімен қолдану уақытын шектеніз және дыбыс деңгейін қауіпсіз мәнге орнатыңыз. Дыбыс деңгейі негұрлым жогары болса, қауіпсіз тыңдау уақыты согұрлым қысқа болады.

Құлаққапты қолданған кезде, мына нұсқауларды сақтаңыз.

- Қисынды дыбыс деңгейімен шамадан аспайтын уақыттың тыңдаңызы.
- Құлағыңыз үйреніп кеткен сайын, дыбыс деңгейін жоғарылата берменіз.
- Дыбыс деңгейін айналыңызды ести алмайтын деңгейге дейін жоғарылатпаңыз.
- Қауіп төнуі мүмкін жағдайларда абайлап қолдану немесе қолдануды уақытша тоқтату қажет.
- Құлаққаптың шамадан тыс дыбыс қысымы керендейкікке себеп болуы мүмкін.
- Көлік айдаған кезде, құлаққапты екі құлақты да жауып қолданған дұрыс емес және ол кейбір аймақтарда заңсыз болуы мүмкін.
- Жеке қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін жолда немесе басқа қауіпті болуы мүмкін орталарда музыкаға немесе телефон қоңырауларына назарыныңды бөліп жіберуіне мүмкіндік берменіз.

## Жалпы ақпарат

Зақым келмеуі немесе істен шығарып алмау үшін:




### Сақ болыңыз

- Құлаққапқа шамадан тыс жылудың әсер етуіне мүмкіндік беруге болмайды.
- Құлаққапты жерге түсіріп алмау керек.
- Құлаққапқа сұйықтық тамызуға немесе шашыратуға болмайды.
- Құлаққапты суга салуға болмайды.
- Құрамында спирт, амиак, бензол немесе абраозивті заттар бар тазартқыш заттарды қолдануға болмайды.
- Өнімді тазалау керек болса, қажетінше сүмен немесе сұйылтылған жұмсақ сабынды сүмен аздал қана суланған жұмсақ шуберекпен сүртіңіз.
- Ішкі батареяға күн сәулеңсі, от немесе соған үқас аспайтын шамадан тыс қызы көздерінің әсер етуіне мүмкіндік бермеу керек.
- Батарея дұрыс ауыстырылmasa, жарылу қаупі туынрайды. Ауыстырған кезде, дәл сондай батареяны немесе баламасын салыңыз.

Қолдану және сақтау температуралары мен ылғалдығы туралы мәлімет

- Температурасы  $-15^{\circ}\text{C}$  ( $5^{\circ}\text{F}$ ) және  $55^{\circ}\text{C}$  ( $131^{\circ}\text{F}$ ) аралығындағы (салыстырмалы ылғалдық 90%-дан аспайтын) жерде қолдану немесе сақтау керек.
- Температура одан жогары не төмен болған жағдайда батареяның қызмет ету мерзімі қысқаруы мүмкін.

## 2 Қыстырма Bluetooth құлаққабы




USB ағытпасы бар аудио кабель

Сатып алғаныңызбен құттықтаймыз, Philips әлеміне қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толығымен пайдалану үшін өніміңді мына сайтта тіркеңіз: [www.philips.com/welcome](http://www.philips.com/welcome). Осы қыстырма Philips құлаққабымен мына мүмкіндіктерге қол жеткізесіз:

- сымсыз хендсфри режимінде қонырау шалу және қабылдау;
- сымсыз режимде музика тыңдау және оны басқару;
- қоныраулар мен музика арасында ауысу.


### Қораптағы заттар



Philips қыстырма Bluetooth құлаққабы  
Philips TAPN402



Алмастырылатын резенке саптамалар x 2 жұп



USB зарядтау кабелі (тек зарядтауға арналған)




Қысқаша нұсқаулық

### Басқа құрылғылар

Bluetooth функциясын қолдайтын және құлаққаппен үйлесімді мобильді телефон немесе құрылғы (мысалы, ноутбук, коммуникатор, Bluetooth адаптерлері, MP3 ойнатқыштары, т.б.) (8-беттегі «Техникалық деректер» бөлімін қараңыз).

## Сымсыз Bluetooth құлаққабын шолу



- ① ⏪ (Қуатты қосу/өшіру/жұптастыру)
- ② Micro USB зарядтау үясы
- ③ Дыбыс деңгейін/әуендерді басқару түймесі
- ④ ЖШД индикаторы
- ⑤ Микрофон

# 3 Іске кірісү

## Батареяны зарядтау



### Ескертпе

- Гарнитураны алғаш рет қолданудан бұрын, батарея көлемі және қызмет ету мерзімі оңтайлы болуы үшін гарнитураны зарядтау қабына салып, батареяны 2 сағат зарядтастырыңыз.
- Қандай да бір зақым келтіріп алмау үшін түпнұсқалы USB зарядтау кабелін ғана қолданыңыз.
- Гарнитураны зарядтаудан бұрын қоңырауды аяқтаңыз, себебі гарнитураны зарядтау үшін жалғаған кезде, ол өшіріледі.

## Зарядтау қабы

Бірге берілген USB зарядтау кабелін мынаған жалғаңыз:

- Кұлаққаптағы micro USB зарядтау үясы және;
  - Зарядтағыш/компьютердің USB порты.
- ↪ Зарядтау кезінде ЖШД қызыл түспен жаңып тұрады, ал құлаққап толығымен зарядталған кезде, ол сөнеді.



### Ақыл-көңес

- Әдетте толық зарядталуға 2 сағат кетеді.

## Құлаққапты мобильді телефонмен жүптастыру

Құлаққапты мобильді телефонмен алғаш рет қолданудан бұрын, оны мобильді телефонмен жүптастырыңыз. Жүптастыру нәтижелі болғанда, құлаққап пен мобильді телефон арасында шифрланған бірегей байланыс орнатылады. Құлаққап соңы 8 құрылғыны жадында сақтайды. 8-ден көп құрылғыны жүптастыруға әрекет жасасаңыз, олардың ішіндегі ең алғашқы болып жүптастырылған құрылғы жаңа құрылғымен алмастырылады.

- 1 Құлаққап толығымен зарядталғанына және өшірілгеніне көз жеткізіңіз.
- 2 ⌘ түймесін көк және қызыл ЖШД кезек-кезек жыпылықтағанша 5 секунд басып тұрыңыз.  
↪ Құлаққап жүптастыру режимінде 2 минут тұрады.
- 3 Мобильді телефон және оның Bluetooth функциясы қосылғанына көз жеткізіңіз.
- 4 Құлаққапты мобильді телефонмен жүптастырыңыз. Толық ақпарат алу үшін мобильді телефонның пайдалануышы нұсқаулығын қараңыз.

Төмендегі мысалда құлаққапты мобильді телефонмен жүптастыру жолы көрсетілген.

- 1 Мобильді телефонда Bluetooth функциясын іске қосып, мынаны таңдаңыз: **Philips PN402**
- 2 Сұралған жағдайда «**0000**» (4 нөл) құлаққап құпиясөзін енгізіңіз. Bluetooth 3.0 немесе одан кейінгі нұсқаны қолдайтын мобильді телефондарда құпиясөзді енгізу қажет емес.



**Philips PN402**

# 4 Құлаққапты қолдану

## Құлаққапты Bluetooth құрылғысына жалғау

- Мобилді телефонды/Bluetooth құрылғысын қосыңыз.
- Құлаққапты қосу үшін қосу/өшіру түймесін басып тұрыңыз.
  - Көк ЖШД 3 секунд жаңып тұрады.
  - Құлаққап ең соңы жалғанған мобилді телефонға/Bluetooth құрылғысына автоматты түрде қайта жалғанады. Соңғы құрылғы қолжетімді болмаса, құлаққаптар жұптастыру режиміне өтеді.



### Ақыл-кеңес

- Мобилді телефонды/Bluetooth құрылғысын құлаққапты қосқаннан кейін қоссаныз немесе Bluetooth функциясын іске қоссаныз, құлаққапты және мобилді телефонды/Bluetooth құрылғысын қолмен қайта жалғау қажет болады.



### Ескертпе

- Құлаққап 8 минут ішінде сигнал ауқымындағы кез келген Bluetooth құрылғысына жалғанбаса, ANC өшіп тұрганда немесе күту режимінде батареяны үнемдеу үшін ол автоматтарты түрде шешеди.

## Сымды байланыс

Құлаққапты бірге берілген аудио кабельмен де қолдануға болады. Аудио кабельді қолданудан бұрын, құлаққап қосылғанына көз жеткізіңіз. Бірге берілген аудио кабельді құлаққапқа және сыртқы аудио құрылғыға жалғаңыз.



### Ақыл-кеңес

- Сызықтық режимді қолданған кезде, функция түймелері өшіріледі.

## Қоңырауларды және музыканы басқару

### Қосу/өшіру

Қызмет	Түйме	Әрекет
Құлаққапты қосу.	Қосу/өшіру, музыканы/қоңырауларды басқару	3 секунд басып тұру.
Құлаққапты өшіру.	Қосу/өшіру, музыканы/қоңырауларды басқару	5 секунд басып тұру. → Көк ЖШД 1 с екунд жыпылықтайда да, біртіндеп сөнеді.

### Музыканы басқару

Қызмет	Түйме	Әрекет
Музыканы ойнату немесе кірірту.	Қосу/өшіру, музыканы/қоңырауларды басқару	Бір рет басу.
Дыбыс деңгейін реттеу.	+/-	Бір рет басу.
Келесі әуен.	+	Басып тұру.
Алдыңғы әуен.	-	Басып тұру.

### Қоңырауларды басқару

Қызмет	Түйме	Әрекет
Тұтқаны кетеру/кою.	Қосу/өшіру, музыканы/қоңырауларды басқару	Бір рет басу.
Қоңырау кезінде қоңырау шалушыны ауыстыру.	Қосу/өшіру, музыканы/қоңырауларды басқару	Екі рет басу.

## Құлаққап индикаторының басқа күйлері

Құлаққап күйі	Индикатор
Құлаққап Bluetooth құрылғысына жалғанып тұр, құлаққап күтүрежимінде немесе сіз музыка тыңдарап отырсыз.	Көк ЖШД жаңып тұрады
Құлаққап жүптастыруға дайын.	ЖШД көк және қызыл түспен кезек-кезек жыпылықтайды.
Құлаққап қосылып тұр, бірақ ешқандай Bluetooth құрылғысына жалғанып тұрған жоқ.	Көк және қызыл ЖШД баяу жыпылықтайды. Жалғау мүмкін болмаса, құлаққап 8 минут ішінде өздігінен өшеді.
Батарея заряды аз.	Қызыл түсті ЖШД қуат таусылғанша 2 секунд сайын бір рет жыпылықтап тұрады.
Батарея толығымен зарядталған.	Қызыл ЖШД сөніп тұрады.

# 5 Техникалық деректер

- Музыка ойнату уақыты: 7 сағат  
Сөйлесү уақыты: 7 сағат
- Күту режиміндегі уақыт: 160 сағат  
Зарядтау уақыты: 2 сағат
- Қайта зарядталатын литий-полимер батареясы (80 мА·сағ)
- Bluetooth нұсқасы: 5.0
- Үйлесімді Bluetooth профильдері:
  - HFP (хендсфри профилі - HFP)
  - A2DP (жетілдірілген аудио тарату профилі)
  - AVRCP (аудио мен бейнені қашықтан басқару профилі)
- Қолдау көрсетілетін аудио кодегі: SBC
- Жиілік ауқымы: 2,402–2,480 ГГц
- Таратқыш қуаты: < 10 дБм
- Жұмыс ауқымы: 10 метрге дейін (33 фут)
- Цифрлық жаңғырықты және шуды азайту
- Автоматты түрде өшү
- Зарядтауға арналған micro-USB порты
- SBC кодегін қолдайды
- Батарея заряды аз екені туралы ескертү: қолжетімді



Ескертпе

- Сипаттамалар ескертуңыз өзгертулуп мүмкін.

# 6 Хабарландыру

## Сәйкестік мәлімдемесі

Осы құжатпен MMD Hong Kong Holding Limited компаниясы осы өнім 2014/53/EU директивасының негізгі талаптарына және басқа тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік мәлімдемесін мына сайттан көргө болады:  
[www.p4c.philips.com](http://www.p4c.philips.com).

## Ескі өнімді және батареяны қоқысқа тастау



Бұл өнім жоғары сапалы материалдар мен құрамдас бөліктерді қолдана отырып жобаланған және өндірілген, оларды қайта өңдеуге және қайта қолдануға болады.



Өнімдегі осы таңба ол 2012/19/EU Еуропа директивасында қамтылғанын білдіреді.




Бұл таңба өнімде 2013/56/EU Еуропа директивасы қамтитын, әдеттегі түрмистық қалдықтармен бірге тастауға болмайтын ішкі қайта зарядталатын батарея бар екенін білдіреді. Қайта зарядталатын батареяны маман шешіп алуы үшін осы өнімді ресми жинау пунктіне немесе Philips қызмет көрсету орталығына апаруға қатаң кеңес береміз. Электр және электрондық өнімдер мен қайта зарядталатын батареяларды бөлек жинайтын жергілікті жүйе туралы мәлімет іздестірініз. Жергілікті ережелерді сақтап, өнімді және қайта зарядталатын батареяларды әдеттегі түрмистық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Ескі өнімдер мен қайта зарядталатын батареяларды дұрыс қоқысқа тастау арқасында қоршаған орта мен адам денсаулығына тәнеттің қауіптердің алдын алуға көмектесуге болады.

## Ішкі батареяны шешіп алу қажет

Елінізде электрондық өнімдерді жинау/қайта өңдеу жүйесі болмаса, құлаққапты қоқысқа тастаудан бұрын, батареяны шешіп алып, оны қайта өңдеуге тапсыру арқылы қоршаған ортанды қорғай аласыз.

- Батареяны шешіп алудан бұрын, құлаққап зарядтау қабынан ажыратылғанына көз жеткізіңіз.



## ЭМӘ талаптарына сәйкестік

Осы өнім электромагниттік өрістердің әсер етуіне қатысты барлық тиісті стандарттар мен ережелерге сәйкес келеді.

## Қоршаған ортаға қатысты ақпарат

Жақетсіз қаптама материалдарын қолданбаймыз. Қаптаманы үш материалға бөлуді жеңілдетуге тырыстық: картон (корап), көбікполистирол (аралық қабат) және полиэтилен (қаптар, қорғайтын көбік материал). Жүйеніз мамандырылған компания бөлшектеген жағдайда қайта өндеге және қайта қолдануға болатын материалдардан тұрады. Қаптама материалдарын, таусылған батареяларды және ескі жабдықты қоқысқа тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.

## Сәйкестік туралы хабарландыру

Құрылғы FCC ережелерінің 15-бөліміне сәйкес келеді. Қолдану үшін төмендегі еki талап орындалуы тиіс:

1. Осы құрылғы зиянды кедергі жасамауы тиіс және
2. Осы құрылғы түсken кез келген кедергіні, оның ішінде жұмысына жағымсыз әсер етуі мүмкін кедергіні қабылдауы тиіс.

### FCC ережелері

Осы жабдық сынақтардан өткізіліп, FCC ережелерінің 15-бөліміндегі көрсетілген В сыныбындағы цифрлық құрылғыға қойылатын шектеулерге сәйкес келетіні анықталған. Осы шектеулерге тұрғын жерлерде зиянды кедергіден қысынды деңгейдегі қорғанысты қамтамасыз ету үшін белгіленген. Осы жабдық радиожиілік қуатты түзеді, қолданады және шығаруы мүмкін, сондықтан нұсқаулыққа сәйкес орнатылмаған және қолданылмаған жағдайда, радио байланысқа зиянды кедергі жасауы мүмкін. Дегенмен белгілі бір жағдайларда кедергі болмайтынына кепілдік берілмейді. Осы жабдық қабылданатын радио немесе теледидар сигналдарына зиянды кедергі жасаса (оны

өнімді өшіріп-қосу арқылы тексеруге болады), пайдаланушы төмендегі шаралардың біреуін немесе бірнешесін қолдану арқылы кедергіні жоюға әрекет жасағаны жөн:

- Қабылдағыш антеннаның бағдарын өзгерту немесе оны басқа жерге қою.
- Жабдық пен қабылдағыш арасындағы қашықтықты арттыру
- Жабдықты қабылдағыш жалғанып тұрған электр тізбектен басқа тізбектегі розеткага жалғау.
- Дилерге немесе тәжірибелі радио/теледидар маманына хабарласып, көмек сұрау.

**AҚШ Федералдық байланыс комиссиясының (FCC) сәулелену әсеріне қоятын талаптарына қатысты мәлімдеме:** Осы жабдық FCC үйімінің бақыланбайтын орталардағы сәулелену әсеріне қоятын шектеулеріне сәйкес келеді. Осы таратқышты кез келген басқа антеннамен немесе таратқышпен бір жерге орналастыруға немесе бірге жұмыс істетуге болмайды.

**Сақ болыңыз:** Пайдаланушыға сәйкестікке жауапты тараф анық растамаған өзгертулерді енгізу пайдаланушының жабдықты қолдану құқығын жоюы мүмкін екені туралы ескертіледі.

### Канада:

Осы құрылғыда Канада Инновация, ғылым және экономикалық даму министрлігінің лицензия талап етілмейтін RSS стандарттарына сәйкес келетін лицензия талап етілмейтін таратқыш(тар)/қабылдағыш(тар) бар. Қолдану үшін төмендегі еki талап орындалуы тиіс: (1) осы құрылғы зиянды кедергі жасамауы тиіс және (2) осы құрылғы түсken кез келген кедергіні, оның ішінде құрылғы жұмысына жағымсыз әсер етуі мүмкін кедергіні қабылдауы тиіс. CAN ICES-3(B)/NMB-3(B)

### Канада Өнеркәсіп министрлігінің сәулелену әсеріне қоятын талаптарына қатысты мәлімдеме:

Осы жабдық Канаданың бақыланбайтын орталардағы сәулелену әсеріне қоятын шектеулеріне сәйкес келеді. Осы таратқышты кез келген басқа антеннамен немесе таратқышпен бір жерге орналастыруға немесе бірге жұмыс істетуге болмайды.

# 7 Сауда белгілері

## Bluetooth

Bluetooth® сөз белгісі және логотиптері — Bluetooth SIG, Inc. компаниясының меншігінде тіркелген сауда белгілер және MMD Hong Kong Holding Limited компаниясы мұндай белгілерді кез келген жерде лицензия бойынша қолданады. Басқа сауда белгілері мен сауда атаулары тиісті иелерінің жеке меншігінде.

## Siri

Siri — Apple Inc. компаниясының АҚШ-та және басқа елдерде тіркелген сауда белгісі.

# 8 Жи қойылатын сұрақтар

**Bluetooth құлаққабы қосылмайды.**

Батарея заряды аз. Құлаққапты зарядтаңыз.

**Bluetooth құлаққабын Bluetooth құрылғысымен жүптастыру мүмкін емес.**

Bluetooth функциясы өшірілген. Bluetooth құрылғысында Bluetooth функциясын іске қосып, Bluetooth құрылғысын құлаққаптан бұрын қосыңыз.

**Bluetooth құрылғысы құлаққапты таптайтын.**

- Құлаққап одан бұрын жүптастырылған құрылғыға жалғанып тұруы мүмкін. Жалғанған құрылғыны өшіріңіз немесе сигнал ауқымынан тыс жерге апарыңыз.
- Жүптастыру бастапқы қалпына келтірілген болуы мүмкін немесе құлаққап одан бұрын басқа құрылғымен жүптастырылған болуы мүмкін. Құлаққапты Bluetooth құрылғысымен пайдаланушы нұсқаулығында сипатталғандай қайта жүптастырыңыз. (6-беттегі «Құлаққапты Bluetooth құрылғысымен алғаш рет жүптастыру» белілімін қараңыз).

**Bluetooth құлаққабы Bluetooth стерео функциясы қосылған мобилді телефонға жалғанып тұр, бірақ музика тек мобилді телефон динамигі арқылы ойнатылады.**

Мобилді телефонның пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз. Музиканы құлаққап арқылы тыңдауды таңдаңыз.

**Аудио сапасы нашар және шыртылдаған шу естіледі.**

- Bluetooth құрылғысы сигнал ауқымынан тыс жерде. Құлаққап пен Bluetooth құрылғысының арасындағы қашықтықты азайтыңыз немесе олардың арасындағы кедергілерді алып тастаңыз.
- Құлаққапты зарядтаңыз.

**Мобилді телефоннан ағынмен таратқан кезде, аудио сапасы нашар болады немесе аудио ағын мүлде жұмыс істемейді.**

Мобилді телефон (моно) HFP профилін гана емес, A2DP профилін де қолдайтынына және BT4.0х (не одан кейінгі) нұсқасымен үйлесімді екеніне көз жеткізіңіз (8-беттегі «Техникалық деректер» белілімін қараңыз).

**Bluetooth құрылғысында музиканы естімін, бірақ оны басқара алмаймын (мысалы, ойнату/кідірту/алға аттап өту/артқа аттап өту).**

Bluetooth аудио көзі AVRCP профилін қолдайтынына көз жеткізіңіз (8-беттегі «Техникалық деректер» белілімін қараңыз).

**Құлаққаптың дыбыс деңгейі тым төмен.** Кейбір Bluetooth құрылғылары дыбыс деңгейін синхронда функциясы арқылы дыбыс деңгейін құлаққапқа байланыстыра алмайды. Мұндай жағдайда тиісті дыбыс деңгейін орнату үшін Bluetooth құрылғысында дыбыс деңгейін жекеше реттеңіз.

**Құлаққапты басқа құрылғыға жалғай алмай отырмын, не істеуім керек?**

- Бұрын жүптастырылған құрылғының Bluetooth функциясы өшіп тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Екінші құрылғыда жүптастыру процедурасын қайталаңыз (6-беттегі «Құлаққапты Bluetooth құрылғысымен алғаш рет жүптастыру» белілімін қараңыз).

Қосымша қолдау алу үшін мына сайтқа кіріңіз: [www.philips.com/support](http://www.philips.com/support).



Philips және Philips қалқан эмблемасы — Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері және олар лицензия бойынша колданылады. Бұл өнімді MMD Hong Kong Holding Limited немесе оның еншілес компанияларының бірі өндірген және сонын жауапкершілігімен сатылады, сондай-ақ MMD Hong Kong Holding Limited компаниясы осы өнімнің кепілтері ретінде өрекет етеді.

UM\_TAPN402\_00\_KZ\_V1.0

